Ақ түсті, үшбұрыш пішінді, бір жағында  таңбасы бар және екінші жағында - ойып жазылған «10/5» сандары бар таблеткалар (10 мг/5 мг дозасы үшін);

Ақ түсті, дөңгелек пішінді, бір жағында  таңбасы бар және екінші жағында - ойып жазылған «10/10» сандары бар таблеткалар (10 мг/10 мг дозасы үшін);

4. КЛИНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

4.1 Қолданылуы

Престанс периндоприл мен амлодипинді сол дозаларда бір мезгілде қолдану арқылы ауруды тиісті бақылауға қол жеткізілген эссенциальді гипертензиясы және/немесе тұрақты жүректің ишемиялық ауруы бар пациенттерді орын басу емі ретінде емдеу үшін көрсетілген.

4.2 Дозалау режимі және қолдану тәсілі

Дозалау режимі

Күніне бір рет дұрысы, таңертең тамақ ішер алдында бір таблеткадан қабылдаған дұрыс.

Белгіленген дозаның біріктірілімі бастапқы ем үшін жарамсыз.

Егер дозаны өзгерту қажет болса, онда Престанс препаратының дозасын төмендетуге немесе бос біріктіріліммен алмастыруға болады.

Пациенттердің ерекше топтары

Балалар мен жасөспірімдер

Престансты балалар мен жасөспірімдерге тағайындауға болмайды, өйткені пациенттердің осы санатында периндоприл мен амлодипин біріктірілімінің тиімділігі мен жағымдылығы анықталмаған.

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер: 4.4 және 5.2-бөлімдерді қараңыз

Жеңіл немесе орташа дәрежедегі бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде дозалауға қатысты ұсынымдар әзірленбеген, сондықтан дозаны абайлап таңдап, бар дозалардың ең төменінен қабылдауды бастау керек (4.4 және 5.2-бөлімдерді қараңыз). Бауыр функциясы бұзылған пациенттер үшін оңтайлы бастапқы және демеуші дозаны анықтау үшін амлодипин мен периндоприлдің бос біріктірілімін пайдалана отырып, жеке титрлеу жүргізген жөн. Бауыр функциясының ауыр бұзылуы бар пациенттерде амлодипин фармакокинетикасы зерттелмеген. Бауыр функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттерге амлодипинді тағайындауды ең төмен дозадан бастаған, содан кейін дозаны баяу титрлеуді жүргізген жөн.

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер және егде жастағы пациенттер (4.4 және 5.2-бөлімдерді қараңыз)

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Периндоприлаттың шығарылуы егде жастағы пациенттерде, сондай-ақ бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде баяулайды. Сондықтан әдеттегі медициналық бақылауға креатинин мен калий деңгейін жиі бақылау кіруі керек.

Престанс $Cl_{cr} \geq 60$ мл/мин пациенттерге тағайындалуы мүмкін және $Cl_{cr} < 60$ мл/мин пациенттерге жарамайды. Бұл пациенттерге жеке компоненттердің дозасын жеке титрлеу ұсынылады.

Амлодипиннің бірдей дозалары егде жастағы және жас пациенттерде бірдей жақсы қабылданады. Егде жастағы пациенттерге әдеттегі дозаны тағайындау ұсынылады, бірақ оны сақтықпен арттыру керек. Амлодипиннің плазмалық концентрациясының өзгеруі мен бүйрек функциясының бұзылу дәрежесі арасында корреляциялық байланыс жоқ. Амлодипин диализ арқылы шығарылмайды.

Қолдану тәсілі

Пероральді қабылдау.

4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар

Периндоприлмен байланысты

- әсер етуші затқа немесе кез келген басқа АӨФ тежегішіне жоғары сезімталдық
- АӨФ тежегіштерімен алдыңғы емдеумен байланысты анамнезіндегі ангионевроздық ісіну
- тұқым қуалайтын немесе идиопатиялық ангионевроздық ісіну.
- жүктіліктің екінші немесе үшінші триместрі (4.4 және 4.6 бөлімдерін қараңыз)
- Престанс препаратын қант диабеті бар немесе бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде құрамында алискирен бар препараттармен бір мезгілде қолдану ($ШСЖ < 60$ мл/мин / 1, 73м²) (4.5 және 5.1-бөлімдерді қараңыз)
- сакубитрилмен және валсартанмен жүргізілетін еммен бір мезгілде қолдану. Сакубитрил мен валсартанның соңғы дозасын қабылдау мен Престанс препаратымен емдеуді бастау арасында кемінде 36 сағат аралықты сақтау қажет (4.4 және 4.5 бөлімдерін қараңыз)
- қан теріс зарядталған беткейлермен жанасатын экстракорпоральді емшаралар (4.5 бөлімді қараңыз).
- бүйрек артерияларының айқын екі жақты стенозы немесе жалғыз жұмыс істейтін бүйрек артериясының стенозы (4.4-бөлімді қараңыз)

Амлодипинмен байланысты:

- ауыр гипотензия
- әсер етуші затқа немесе кез келген басқа дигидропиридинге жоғары сезімталдық
- кардиогенді шокты қоса алғанда, шок
- сол жақ қарыншаның шығу жолының обструкциясы (мысалы, қолқаның ауыр стенозы)
- жедел миокард инфарктісінен кейін жүрек қызметінің гемодинамикалық тұрғыдан тұрақсыз жеткіліксіздігі.

Престанс препаратымен байланысты

Жоғарыда атап көрсетілгендей, жекелеп компоненттердің әрқайсысына байланысты барлық қолдануға болмайтын жағдайлар белгіленген Престанс біріктіріліміне таралады.

- 6.1-бөлімде атап көрсетілген қосымша заттардың біріне жоғары сезімталдық.

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

4.4 Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Төменде келтірілгендей, компоненттердің әрқайсысына байланысты барлық қолдануға болмайтын жағдайлар белгіленген біріктірілімге қолданылады.

Периндоприлмен байланысты

Айрықша нұсқаулар

Жоғары сезімталдық/Ангиневроздық ісіну

Периндоприлді қоса алғанда, АӨФ тежегіштерімен емделіп жатқан пациенттерде беттің, аяқ-қолдың, еріннің, шырышты қабықтардың, тілдің, дауыс саңылауының және/немесе көмейдің ангионевроздық ісінуі туралы сирек хабарламалар бар (4.8-бөлімді қараңыз). Бұл реакциялар ем кезінде кез келген сәтте басталуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Престансты қабылдауды дереу тоқтатып, симптомдар толық жойылғанша қажетті мониторингілеуді жүргізу керек. Әдетте, ісіну тек бет пен ерінге әсер еткен жағдайда, ол ешқандай емделусіз өтті, дегенмен антигистаминді препараттар симптомдарды жеңілдетуге көмектесті.

Көмейдің ісінуімен бірге жүретін ангионевроздық ісіну өлімге әкелуі мүмкін. Тыныс алу жолдарының обструкциясы ықтимал тілдің, дауыс саңылауының немесе көмейдің ісінуі кезінде дереу алғашқы көмек көрсету керек, ол адреналин тағайындауды және/немесе тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қолдауды қамтуы мүмкін. Пациент симптомдар толық және түпкілікті жоғалып кеткенше жіті медициналық қадағалауда болуы тиіс.

АӨФ тежегіштерін қабылдаумен байланыссыз ангионевроздық ісінуді бастан өткерген пациенттерде АӨФ тежегішін қабылдау кезінде ангионевроздық ісінудің басталу қаупі бар (4.3 бөлімін қараңыз).

АӨФ тежегіштерін қабылдайтын пациенттерде ішектің ангионевроздық ісіну туралы хабарламалар сирек келіп түсті. Бұл пациенттерде іштің ауыруы болды (жүрек айнуы мен құсу немесе онсыз); кейбір жағдайларда бұған дейін беттің ангионевроздық ісінуі және С-1 деңгейі қалыпты болды. Ангионевроздық ісіну диагнозы компьютерлік томографияны, ультрадыбысты немесе хирургиялық операцияны қамтитын емшаралардың көмегімен жасалды, симптомдар АӨФ тежегішін қабылдауды тоқтатқаннан кейін тоқтатылды. Ішектің ангионевроздық ісінуі АӨФ тежегіштерін қабылдайтын іштің ауыруы бар пациенттердің дифференциация диагнозына енгізілуі тиіс (4.8-бөлімді қараңыз).

Периндоприлдің сакубитрилмен және валсартанмен үйлесуі ангионевроздық ісіну қаупінің жоғарылауына байланысты қарсы болып табылады (4.3-бөлімді қараңыз).

Периндоприлдің соңғы дозасын қабылдау мен сакубитрилмен және валсартанмен емдеуді бастау арасындағы аралық кемінде 36 сағатты құрауы тиіс. Сакубитрилмен және валсартанмен емдеуді тоқтатқан кезде сакубитрил мен валсартанның соңғы дозасын қабылдау мен периндоприлмен емдеуді бастау арасында кемінде 36 сағат өтуі тиіс (4.3 және 4.5 бөлімдерін қараңыз). АӨФ тежегіштері мен бейтарап эндопептидаза (NEP) тежегіштерін (мысалы, рацекадотрил), mTOR тежегіштерін (мысалы, сиролimus, эверолимус, темсиролimus) және глиптиндерді (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) бір мезгілде қолдану ангионевроздық ісіну қаупін

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

арттыруы мүмкін (тыныс алу жолдарының немесе тілдің тыныс алу бұзылыстарымен бірге немесе онсыз ісінуі) (4.5-бөлімді қараңыз). Осыған байланысты АӨФ тежегішін қабылдайтын пациенттерге рацекадотрилді, mTOR тежегіштерін (мысалы, сиролimus, эверолимус, темсиролimus) және глиптиндерді (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) тағайындар алдында пайда мен қауіп арақатынасын мұқият өлшеу қажет.

Обсервациялық зерттеулерде ишемиялық инсульттің тромболитикалық емі үшін алтеплазаны қолданғаннан кейін АӨФ тежегіштерін қабылдаған пациенттерде ангионевротикалық ісінудің жоғары даму жиілігі анықталды».

Тығыздығы төмен липопротеиннің (ТТЛП) аферез емшарасын жүргізу кезіндегі анафилаксиялық реакциялар

Сирек жағдайларда декстрансульфатты сіңірудің көмегімен ТТЛП аферез емшарадан өтетін пациенттерде АӨФ тежегіштерін тағайындағанда өмірге қатерлі анафилаксиялық реакциялардың даму жағдайлары байқалған. Әр жолы аферез жасау алдында АӨФ тежегішін уақытша тоқтату арқылы осы реакцияларды болдырмаудың сәті түсті.

Десенсибилизация кезіндегі анафилаксиялық реакциялар

Анафилаксиялық реакциялар десенсибилизациялайтын ем кезінде АӨФ тежегіштерін (мысалы, жарғаққанаттылардың уымен) алған кейбір пациенттерде пайда болды. Кейбір пациенттерде бұл реакцияларды АӨФ тежегішін уақытша тоқтату жолымен болдырмауға болады, бірақ олар препаратты абайсызда қабылдаған жағдайда қайтадан пайда болды.

Нейтропения / Агранулоцитоз / Тромбоцитопения / Анемия

АӨФ тежегіштерін қабылдайтын пациенттерде нейтропения/агранулоцитоз, тромбоцитопения және анемия білінген. Бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде және басқа асқынатын факторлар болмаған кезде нейтропения сирек кездеседі. Периндоприлді қабылдаған кезде коллагенозды-қан тамырлары аурулары бар пациенттерге иммунодепрессант емнен, аллопуринолмен немесе прокаинамидпен емдеуден өтетін пациенттерге немесе осы асқынатын факторлардың барлығы бар, әсіресе бұрыннан бауыр функциясының бар бұзылулары бар адамдарға аса сақ болу керек. Мұндай пациенттердің кейбірінде ауыр инфекциялар дамыды. Кейбір жағдайларда антибиотиктермен қарқынды ем сәтсіз болды. Периндоприлді осындай пациенттерге тағайындаған кезде лейкоциттік формулаға мерзімді мониторинг жүргізу және пациенттерге инфекцияның кез келген белгілері (мысалы, тамақтың ауыруы, температура) туралы хабарлау қажеттігі туралы нұсқау беру ұсынылады.

Вазоренальді гипертензия

Бүйрек артерияларының екі жақты стенозы немесе АӨФ тежегіштерін қолданғанда жалғыз жұмыс істейтін бүйрек артериясының стенозы бар пациенттерде гипотензия және бүйрек жеткіліксіздігі қауіп жоғары (4.3-бөлімді қараңыз). Диуретиктер бұл жағдайды нашарлатуы мүмкін. Бүйрек функциясының төмендеуі сарысудағы креатинин концентрациясының шамалы ғана өзгерістерімен, тіпті бүйрек артериясының біржақты стенозы бар пациенттерде де байқалуы мүмкін.

Ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесінің (РААЖ) қосарлы блокадасы

АӨФ тежегіштерін және ангиотензин II рецепторларының блокаторларын немесе алискиренді бір мезгілде қолдану гипотензия, гиперкалиемия қауіпін арттыратыны және

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

бүйрек функциясының (жедел бүйрек жеткіліксіздігінің дамуын қоса алғанда) төмендеуін туғызатыны дәлелденді. Сондықтан АӨФ тежегіштерін, ангиотензин II рецепторларының блокаторларын немесе алискирен біріктіріп пайдалану арқылы РААЖ қосарлы блокадасы ұсынылмайды (4.5 және 5.1-бөлімдерді қараңыз).

Егер қосарлы блокада өте қажет болса, оны тек маманның қадағалауымен және бүйрек функциясын, электролит деңгейін және артериялық қысымды жиі қадағалап отыру керек.

Диабеттік нефропатиясы бар пациенттерге бір мезгілде АӨФ тежегіштерін және ангиотензин II рецепторларының блокаторларын тағайындауға болмайды.

Бастапқы гиперальдостеронизм

Ренин-ангиотензин жүйесін бәсеңдететін гипертензияға қарсы препараттар, әдетте, бастапқы гиперальдостеронизмі бар пациенттерде тиімсіз. Осыған байланысты бұл препаратты қолдану ұсынылмайды.

Жүктілік

Жүктілік кезінде АӨФ тежегіштерін қабылдауды бастамау керек. Егер АӨФ тежегіштерімен емді жалғастыру қажет деп саналмаса, онда жүктілікті жоспарлайтын пациенттер жүктілік кезінде қауіпсіз бейіні белгіленген баламалы гипотензиялық емге көшуі тиіс. Егер жүктілік фактісі расталса, АӨФ тежегішін қабылдауды дереу тоқтатып, қажет болған жағдайда емдеудің баламалы түріне ауысу керек (4.3 және 4.6-бөлімдерді қараңыз).

Қабылдау кезіндегі сақтық шаралары

Гипотензия

АӨФ тежегіштері артериялық қысымның төмендеуін туындатуы мүмкін. Клиникалық көріністері бар гипотензия қатарлас аурулары жоқ гипертензиялық пациенттерде сирек дамиды, көбінесе ол айналымдағы қан көлемі (АҚК) төмендеген пациенттерде, мысалы, тұзды шектеулі тұтынатын диетадағы диуретиктер қабылдаушыларда, диализдегі пациенттерде, диареямен немесе құсумен ауыратын пациенттерде немесе ауыр ренинге тәуелді гипертензиясы бар пациенттерде туындайды (4.5 және 4.8-бөлімдерді қараңыз). Клиникалық белгілері бар гипотензияның басталу қаупі жоғары пациенттерге Престанспен емдеу кезінде артериялық қысымға, бүйрек функциясына және сарысудағы калий деңгейіне мұқият мониторинг жүргізу керек.

Артериялық қысымның күрт төмендеуі миокард инфарктісіне немесе инсультқа әкелуі мүмкін ишемиясы немесе цереброваскулярлық ауруы бар пациенттерді емдеу кезінде де осындай тәсілді қолданған жөн.

Гипотензия дамыған жағдайда пациентті шалқасынан жатқызып, қажет болған жағдайда 0,9% натрий хлоридінің ерітіндісін (9 мг/мл) вена ішіне енгізу жолымен АҚК-ны толтыру қажет. Өтпелі гипотензия препаратты одан әрі қабылдау үшін қарсы көрсетілім болып табылмайды, оны көбіне артериялық қысым АҚК ұлғаюы салдарынан қайтадан жоғарылағаннан кейін сенімді жалғастыруға болады.

Қолқа және митральды клапанның стенозы / гипертрофиялық кардиомиопатия

Басқа АӨФ тежегіштері сияқты периндоприлді митральді клапанның стенозы және сол жақ қарыншаның шығу жолының обструкциясы бар, мысалы, қолқа стенозы немесе гипертрофиялық кардиомиопатиясы бар пациенттерге аса сақтықпен тағайындау керек.

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Бүйрек жеткіліксіздігі

Бүйрек жеткіліксіздігі кезінде (креатинин клиренсі < 60 мл/мин) жекелеген компоненттердің дозасын жеке титрлеу ұсынылады (4.2-бөлімді қараңыз).

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде әдеттегі медициналық тексеру калий мен креатинин деңгейінің мониторингін қамтуы тиіс (4.8-бөлімді қараңыз).

АӨФ тежегіштерімен емдеуден өтетін екі жақты бүйрек артериялық стенозы немесе жалғыз бүйрек артериясының стенозы бар кейбір пациенттерде емдеуді тоқтатқан кезде қайтымды болған қандағы мочевина мен сарысудағы креатинин деңгейінің жоғарылау жағдайлары байқалған. Бұл бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде анағұрлым ықтимал болды. Реноваскулярлық гипертензияда ауыр гипотензия мен бүйрек жеткіліксіздігінің жоғары қаупі бар. Бүйрек тамырларының айқын зақымдануынсыз гипертензиясы бар кейбір пациенттерде қандағы мочевина мен сарысудағы креатинин концентрациясының жоғарылауы байқалды, әдетте ол елеусіз және өтпелі сипатта болды, әсіресе периндоприл мен диуретикті біріктіріп қабылдағанда. Бұл бүйрек жеткіліксіздігімен ауыратын пациенттерде орын алуы мүмкін.

Бауыр жеткіліксіздігі

Сирек жағдайларда АӨФ тежегіштерін қабылдау холестаздық сарғаюдан басталып, бауырдың фульминантты некрозына ұласатын және (кейде) өліммен аяқталатын синдроммен қатар жүрді. Бұл синдромның механизмі әлі белгісіз. Сарғаю дамиды немесе бауыр ферменттерінің деңгейі едәуір жоғарылайтын АӨФ тежегіштерін алатын пациенттер АӨФ тежегішін қабылдауды тоқтатуы және мұқият медициналық тексеруден өтуі тиіс (4.8 бөлімін қараңыз).

Нәсіл

АӨФ тежегіштерімен емдегенде ангионевроздық ісіну басқа нәсілдерге қарағанда негроидтік нәсілді пациенттерде жиі кездеседі.

АӨФ басқа тежегіштері сияқты, негроидтік нәсілді пациенттерде периндоприлдің гипотензиялық тиімділігі басқа нәсілдің пациенттеріне қарағанда төмен болуы мүмкін. Мүмкін, мұның себебі - негроидты нәсілді пациенттердегі гипертензия рениннің төмен құрамы аясында өте жиі өтеді.

Жөтел

АӨФ тежегіштерімен емдеу кезінде жөтел жағдайлары байқалды. Емді тоқтатқанда кететін нәтижесіз, тоқтамайтын жөтел тән. АӨФ тежегішін қабылдаудан туындаған жөтелді жөтелдің дифференциация диагнозының бөлігі ретінде қарастырған жөн.

Хирургиялық араласым / Анестезия

Хирургиялық араласымда немесе гипотензия тудыратын препараттармен анестезия кезінде Престанс рениннің компенсаторлық босап шығуы салдарынан ангиотензин II түзілуін бөгеуі мүмкін. Операциядан бір күн бұрын емдеуді тоқтату ұсынылады. Осы әсер ету механизмімен байланысты гипотензия басталғанда АҚК-ні ұлғайту керек.

Гиперкалиемия

АӨФ тежегіштерімен, оның ішінде периндоприлмен емделген кейбір пациенттерде қан сарысуындағы калий мөлшерінің жоғарылау жағдайлары байқалды. АӨФ тежегіштері гиперкалиемияны тудыруы мүмкін, өйткені олар альдостерон секрециясын тежейді. Бұл әсер әдетте бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде елеусіз болады. Гиперкалиемияның даму қаупі факторларына бүйрек жеткіліксіздігі, бүйрек функциясының нашарлауы, жасы (> 70 жас), қант диабеті, организмнің сусыздануы,

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

жүректің жедел декомпенсациясы, метаболизмдік ацидоз, калий сақтайтын диуретиктерді бір мезгілде қабылдау (мысалы, спиронолактон, эплеренон, триамтерен немесе амилорид), калий қоспаларын немесе құрамында калий бар тұз алмастырғыштарды, сондай-ақ сарысудағы калий деңгейінің жоғарылауын туындататын басқа дәрілік препараттарды қабылдау (мысалы, гепарин, ко-тримоксазол, сондай-ақ, триметоприм/сульфаметоксазол деп аталады) және әсіресе альдастерон антагонистері немесе ангиотензин рецепторларының блокаторлары жатады. Калий қоспаларын, калий сақтайтын диуретиктерді және құрамында калий бар тұз алмастырғыштарды, әсіресе бүйрек қызметі бұзылған пациенттерді қабылдау сарысудағы калий деңгейінің айтарлықтай өсуіне әкелуі мүмкін. Гиперкалиемиа ауыр, кейде өлімге әкелетін аритмияны тудыруы мүмкін. Калий сақтайтын диуретиктер мен ангиотензин рецепторларының блокаторларын АӨФ тежегіштерін қабылдайтын пациенттерде сақтықпен қолдану керек; бұл ретте қан сарысуындағы калий деңгейін және бүйрек функциясын мониторингтеу қажет. Егер периндоприлді және жоғарыда аталған препараттарды қатар тағайындау қажет деп есептелсе, онда оларды қабылдау сақтықпен және қан сарысуындағы калий мөлшеріне тұрақты мониторинг жүргізу кезінде жүргізілуі тиіс (4.5-бөлімді қараңыз).

Диабеті бар пациенттер

Диабетке қарсы пероральді препараттарды немесе инсулинді қабылдайтын диабеті бар пациенттерге АӨФ тежегішімен емдеудің алғашқы айы ішінде гликемияға мұқият мониторинг жүргізу керек (4.5 бөлімін қараңыз).

Амлодипинмен байланысты

Қабылдау кезіндегі сақтық шаралары

Амлодипиннің гипертониялық криз кезіндегі қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған.

Жүрек жеткіліксіздігі

Жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерді емдеу сақ болуды қажет етеді.

Амлодипин тобында жүректің ауыр жеткіліксіздігі бар (NYHA бойынша III және IV кластар) пациенттердің қатысуымен амлодипинді ұзақ уақыт қабылдаудың плацебо-бақыланатын зерттеуінде плацебо тобына қарағанда өкпе ісінуінің көбірек жағдайлары байқалды (5.1-бөлімді қараңыз). Амлодипинді қоса, кальций өзекшелерінің блокаторлары жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерге мұқият тағайындалуы керек, өйткені оларда бұл препараттар жүрек-қантамыр құбылыстарының пайда болу қаупін және өлімді арттыруы мүмкін.

Бауыр жеткіліксіздігі

Бауыр функциясы бұзылған пациенттерде амлодипиннің жартылай шығарылу кезеңі және AUC мәні артады. Олар үшін ұсынылған дозалар белгіленбеген. Сондықтан бұл пациенттерге амлодипинді тағайындау төмен дозалардан басталуы керек. Емдеудің басында да, дозаны арттырған кезде де сақ болу керек. Бауыр функциясының ауыр бұзылуы бар пациенттерге дозаны титрлеуді баяу және тұрақты бақылау кезінде жүргізген жөн.

Егде жас

Егде жастағы пациенттерде дозаны арттырған кезде сақ болу керек (4.2 және 5.2-бөлімдерді қараңыз).

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Бүйрек жеткіліксіздігі

Бұл пациенттер амлодипинді әдеттегі дозада қабылдай алады. Амлодипиннің плазмалық концентрациясының өзгеруі мен бүйрек функциясының бұзылу дәрежесі арасында корреляциялық байланыс жоқ. Амлодипин диализ арқылы шығарылмайды.

Престанс препаратымен байланысты

Әрбір компоненттермен байланысты жоғарыда аталған барлық қолдануға болмайтын жағдайлар біріктірілген Престанс препаратына да қатысты.

Қабылдау кезіндегі сақтық шаралары

Қосымша заттар

Таблеткалар құрамында лактоза бар, сондықтан бұл препаратты тұқым қуалайтын галактоза көтере алмаушылығы, глюкоза-галактозаның нашар сіңірілу немесе лактазаның жалпы жеткіліксіздігі сирек кездесетін кінәраттары бар пациенттер қабылдамауы тиіс.

Өзара әрекеттесу

Престанс препаратын литиймен, калий сақтайтын диуретиктермен, калий қоспаларымен немесе дантроленмен біріктіріп қабылдау ұсынылмайды (4.5-бөлімді қараңыз).

4.5 Басқа препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Периндоприлмен байланысты

Клиникалық зерттеулердің деректері РААЖ әсер ететін бір препаратты қолданумен салыстырғанда (4.3, 4.4 және 5.1-бөлімдерді қараңыз) АӨФ тежегіштерін, ангиотензин II рецепторларының блокаторларын немесе алискиренді біріктіріп пайдалану жолымен ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесінің (РААЖ) қосарлы блокадасы гипотензия, гиперкалиемия және бүйрек функциясының төмендеуі (жедел бүйрек жеткіліксіздігінің дамуын қоса алғанда) сияқты жағымсыз құбылыстар жиілігінің артуымен қатар жүретінін көрсетті.

Ангионевроздық ісіну қаупін арттыратын дәрілік препараттар

АӨФ тежегіштерін сакубитрилмен / валсартанмен бір мезгілде қолдануға болмайды, өйткені бұл ангионевроздық ісіну қаупін арттырады (4.3 және 4.4-бөлімдерді қараңыз). Периндоприлдің соңғы дозасын қабылдау мен сакубитрилмен/валсартанмен емдеуді бастау арасындағы аралық кемінде 36 сағатты құрауы тиіс. Сакубитрилдің/валсартанның соңғы дозасын қабылдау мен периндоприлмен емдеуді бастау арасында кемінде 36 сағат аралықты сақтау қажет (4.3 және 4.4-бөлімдерді қараңыз).

АӨФ тежегіштерін рацекадотрилмен, mTOR тежегіштерімен бір мезгілде қолдану (мысалы, сиролимус, эверолимус, темсиролимус) және глиптиндер (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) ангионевроздық ісінудің жоғары қаупіне әкелуі мүмкін (4.4-бөлімді қараңыз).

Гиперкалиемияны туындататын препараттар

Қан сарысуындағы калий мөлшері әдетте қалыпты шекте қалса да, гиперкалиемия Престанс қабылдаған кейбір пациенттерде пайда болуы мүмкін. Кейбір препараттар

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

немесе препараттардың фармакотерапиялық топтары гиперкалиемияның даму ықтималдығын арттыруы мүмкін: алискирен, калий тұздары, калий сақтайтын диуретиктер (мысалы, спиронолактон, триамтерен немесе амилорид), АӨФ тежегіштері, ангиотензин II рецепторларының антагонистері, ҚҚСП, гепариндер, иммунодепрессанттар, мысалы циклоспорин және такролимус, триметоприм және котримоксазол (триметоприм/сульфаметоксазол), триметоприм амилорид сияқты калий сақтайтын диуретик ретінде әсер ететіні белгілі. Осы препараттардың біріктірілімі гиперкалиемия қаупін арттырады. Осыған байланысты Престанс препаратын жоғарыда аталған препараттармен біріктіру ұсынылмайды. Егер бір мезгілде қолдану көрсетілсе, оларды сақтықпен және қан сарысуындағы калий деңгейін жиі мониторингтеу кезінде пайдалану керек.

Біріктіріп қолдану қарсы көрсетілмді (4.3 бөлімін қараңыз)

Алискирен

қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерде гиперкалиемия, бүйрек функциясының нашарлауы және жүрек-қантамыр аурулары мен өлім-жітімнің жоғарылауы қаупі артады.

Эстракорпоральді емшаралар

Қан теріс зарядталған беткейлермен жанасатын экстракорпоральді емшаралар: жоғары ультрафилтрациялық белсенділігі бар жарғақшаларды қолданумен диализ немесе гемофилтрация (мысалы, полиакрилонитриндік жарғақшалар) және декстран сульфатын қолданумен тығыздығы төмен липопротеиндердің аферезі - ауыр анафилактоидты реакциялар қаупін арттырады (4.3-бөлімді қараңыз). Мұндай ем қажет болған жағдайда диализ үшін жарғақшаның басқа түрін немесе гипертензияға қарсы дәрінің басқа класын пайдалану керек.

Бірге қолдану ұсынылмайды (4.4-бөлімді қараңыз)

Алискирен

Қант диабетімен немесе бүйрек жеткіліксіздігімен зардап шекпейтін пациенттерде гиперкалиемия, бүйрек функциясының нашарлауы және жүрек-қантамыр аурулары мен өлім-жітімнің артуы қаупі артады.

АӨФ тежегішімен және ангиотензин рецепторларының блокаторымен біріктіріп қолдану

Әдебиетте расталған атеросклероз, жүрек жеткіліксіздігі немесе нысана- ағзалардың зақымдануы бар қант диабеті бар пациенттерде АӨФ тежегішімен және ангиотензин рецепторларының блокаторымен біріктірілген ем ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесіне әсер ететін бір препаратты қолданумен салыстырғанда гипотензия, синкопе, гиперкалиемия және бүйрек функциясының нашарлау жиілігін жоғарылатады (жедел бүйрек жеткіліксіздігіне дейін). Қосарлы блокада (мысалы, АӨФ тежегішін ангиотензин II рецепторларының антагонисімен бірігуі) бүйрек функциясын, калий деңгейін және артериялық қысымды мұқият бақылау кезінде жекелеген жағдайларда ғана мүмкін болады.

Эстрамустин

Ангионевроздық ісіну (Квинке ісінуі) сияқты жағымсыз құбылыстардың арту қаупі.

Калий сақтайтын диуретиктер (мысалы, триамтерен, амилорид), калий тұздары

Гиперкалиемия (ықтимал өліммен аяқталатын), әсіресе бүйрек функциясының бұзылуында (аддитивті гиперкалиемиялық әсер).

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Периндоприлді осы препараттармен біріктіру ұсынылмайды (4.4-бөлімді қараңыз). Егер осы препараттарды қатар қолдану әлі де көрсетілсе, онда оларды қабылдаған кезде ерекше сақтық танытып, қан сарысуындағы калийдің мөлшеріне жиі мониторинг жүргізу керек. Жүрек жеткіліксіздігінде спиронолактонды қолдану туралы төменде қараңыз.

Литий

Литий мен АӨФ тежегіштерін біріктіріп қабылдағанда сарысудағы литий концентрациясының қайтымды жоғарылау жағдайлары және уыттану (ауыр нейроуыттылық) жағдайлары болды. Периндоприлді литиймен біріктіру ұсынылмайды, бірақ егер біріктірілген қабылдау қажет болса, онда қан сарысуындағы литий деңгейіне мұқият мониторинг жүргізу керек (4.4-бөлімді қараңыз).

Біріктіріп қолдану ерекше сақтықты талап етеді

Диабетке қарсы препараттар (инсулин, пероральді гипогликемиялық препараттар)

Эпидемиологиялық зерттеулер АӨФ тежегіштері мен диабетке қарсы препараттарды (инсулин, пероральді гипогликемиялық препараттар) біріктіріп қолдану гипогликемияның даму қаупімен гипогликемиялық әсердің күшеюіне алып келуі мүмкін екенін көрсетті. Бұл құбылыс біріктірілген емнің алғашқы апталарында және бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде жиі байқалады.

Калий сақтайтын қасиеттері жоқ диуретиктер

Диуретиктерді қабылдайтын пациенттерде, әсіресе су-электролиттік бұзылулар аясында АӨФ тежегішімен емді бастағаннан кейін артериялық қысымның шамадан тыс төмендеуі мүмкін. Гипотензия қаупін төмендету үшін диуретикті тоқтатып, сұйықтық пен тұзды қабылдауды арттыру керек, содан кейін периндоприлмен емдеуді біртіндеп ұлғайта отырып, төмен дозада бастау керек.

Артериялық гипертензия кезінде диуретиктермен алдыңғы емдеу су-электролиттік бұзылыстарды туындатуы мүмкін болғанда, диуретикті қабылдауды АӨФ тежегішімен емдеуді бастағанға дейін калий сақтайтын қасиеттерінсіз диуретикті қабылдауды кейіннен қайта бастай отырып тоқтату немесе біртіндеп ұлғайта отырып, төмен дозада АӨФ тежегішін қабылдауды бастау керек.

Диуретиктермен іркілісті жүрек жеткіліксіздігін емдеу кезінде АӨФ тежегішін қабылдауды диуретиктің дозасын калий сақтайтын қасиеттерсіз төмендеткеннен кейін өте төмен дозадан бастаған жөн.

Барлық жағдайларда АӨФ тежегішімен емнің алғашқы апталарында бүйрек функциясын (креатинин деңгейі) бақылау керек.

Калий сақтайтын диуретиктер (эплеренон, спиронолактон)

Эплеренонды немесе спиронолактонды АӨФ тежегіштерінің төмен дозаларымен бір мезгілде тәулігіне 12,5 - 50 мг дозада қабылдау

<40% лықсу фракциясымен II-IV класты жүрек жеткіліксіздігін (НҰНА жіктемесі бойынша) емдеу үшін және бұрын АӨФ тежегіштері мен ілмекті диуретиктерді пайдалана отырып, әсіресе препараттардың осы біріктірілімін тағайындау жөніндегі ұсынымдар сақталмаған кезде, ықтимал өлімге әкелетін гиперкалиемияның даму қаупіне әкеледі.

Препараттардың осы біріктірілімін тағайындамас бұрын пациентте гиперкалиемия мен бүйрек жеткіліксіздігінің жоқтығына көз жеткізу керек.

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Емдеудің бірінші айында алдымен аптасына бір рет, содан кейін айына бір рет калиемия мен креатинемияны мұқият бақылау ұсынылады.

Күніне ≥3 г ацетилсалицил қышқылын қоса алғанда, қабынуға қарсы стероидты емес дәрілер (ҚҚСД):

АӨФ тежегіштері қабынуға қарсы стероидты емес препараттармен (мысалы, қабынуға қарсы дозалардағы ацетилсалицил қышқылымен, ЦОГ-2 тежегіштерімен және селективті емес ҚҚСП) біріктірілімде тағайындалғанда, олардың гипотензиялық әсері тежелуі мүмкін. АӨФ және ҚҚСД тежегіштерін біріктіріп қолдану мүмкін болатын жедел бүйрек жеткіліксіздігін қоса, бүйрек функциясының нашарлау қаупін арттыруы және қан сарысуындағы калий мөлшерін, әсіресе бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде арттыруы мүмкін. Бұл препараттарды біріктіріп қабылдауды сақтықпен тағайындау керек, әсіресе егде жастағы пациенттерге. Пациенттер организмнің талапқа сай гидратациясын қадағалау керек. Біріктірілген емнің басында, сондай-ақ емдеу кезінде мезгіл-мезгіл бүйрек функциясына мониторинг жүргізген жөн.

Біріктіріп қолдану сақтықты талап етеді

Симпатомиметиктер

Симпатомиметиктер АӨФ тежегіштерінің гипотензиялық әсерін төмендетуі мүмкін.

Алтын:

Құрамында алтын бар препараттармен (натрий ауротиомалаты) инъекциялық емнен және, периндоприлді қоса, АӨФ тежегіштерімен қатарлас емдеуден өтетін пациенттердегі нитритоидты реакциялар (беттің қызаруын, жүрек айнуы, құсу және гипотензияны қамтитын симптомдар) туралы сирек хабарламалар келіп түскен.

Амлодипинмен байланысты

Ұсынылмайтын біріктірілімдер

Дантролен (инфузия) жануарларға верапамилді енгізгенде және дантролен енгізгенде өлімге әкелетін қарыншалардың фибрилляциясы және гиперкалиемиямен үйлескен жүрек-қантамыр жеткіліксіздігі байқалады. Қатерлі гипертермиясы болуы мүмкін пациенттерде және қатерлі гипертермияны, амлодипин сияқты кальций арналарын блокаторлармен біріктіруді емдеу кезінде гиперкалиемияның басталу қаупіне байланысты болдырмау ұсынылады.

Ерекше сақтықты талап ететін біріктірілімдер

СҮРЗА4 индукторлары белгілі СҮРЗА4 индукторларымен бірге қолданғаннан кейін плазмадағы амлодипиннің концентрациясы өзгеруі мүмкін. Осыған байланысты артериялық қысымды бақылау керек, сондай-ақ біріктірілген ем кезінде және одан кейін дозаны түзету қажет болуы мүмкін, әсіресе СҮРЗА4 күшті индукторларымен (мысалы, рифампицин, Nupercium perforatum [шілтер жапырақты шайқурай]).

СҮРЗА4 тежегіштері амлодипинді күшті немесе орташа СҮРЗА4 тежегіштерімен бір мезгілде қабылдау (протеаза тежегіштері, азол тобының зеңге қарсы препараттары, эритромицин немесе кларитромицин типіндегі макролидтер, верапамил немесе дилтиазем) амлодипин экспозициясының айтарлықтай өсуіне әкелуі мүмкін. Егде жастағы пациенттерде осы фармакокинетикалық вариациялардың клиникалық көріністері анағұрлым айқын болуы мүмкін. Сондықтан оларға клиникалық бақылау және дозаны түзету қажет болуы мүмкін.

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Кларитромицин мен амлодипинді бір мезгілде қабылдайтын пациенттерде гипотензия қаупі артады. Амлодипин мен кларитромицинді бірге тағайындаған кезде пациенттерді мұқият бақылау ұсынылады.

Қарастырылатын біріктірілімдер

Амлодипиннің гипотензивті әсері гипертензияға қарсы қасиеттері бар басқа дәрілік препараттардың гипотензивті әсерін күшейтеді.

Такролимус

Амлодипинмен бірге қолданғанда қанда такролимус концентрациясының жоғарылау қаупі бар. Амлодипинді тағайындау кезінде такролимустың уыттылығының алдын алу үшін такролимус қабылдайтын пациентке қандағы такролимус концентрациясын бақылау және қажет болған жағдайда оның дозасын түзету қажет.

Рапамициннің механикалық нысана тежегіштері (mTOR)

mTOR тежегіштер (сиролимус, эверолимус, темсиролимус) CYP3A субстраттары болып табылады. Амлодипин - CYP3A әлсіз тежегіші. mTOR тежегіштерімен бір мезгілде қолданғанда амлодипин mTOR тежегіштерінің экспозициясын арттыруы мүмкін.

Циклоспорин

Бүйрек трансплантациясын бастан өткерген, емдік белсенділіктің төмендеуінде циклоспорин концентрациясының әртүрлі жоғарылауы байқалған пациенттерді (орта есеппен 0% – 40%) қоспағанда, дені сау еріктілерде немесе басқа топтарда циклоспорин мен амлодипин арасындағы өзара іс-қимылға зерттеулер жүргізілген жоқ. Бүйрек трансплантациясын бастан өткерген және амлодипин алатын пациенттерде циклоспорин концентрациясын бақылау және қажет болған жағдайда, оның дозасын төмендету керек.

Симвастатин

10 мг амлодипин мен 80 мг симвастатинді бірлесіп бірнеше рет қолдану симвастатин монотерапиясымен салыстырғанда симвастатин экспозициясының 77% - ға артуына әкелді. Амлодипин қабылдайтын пациенттерде симвастатин дозасын тәулігіне 20 мг-ға дейін шектеу керек.

Басқа біріктірілімдер

Дәрілік өзара әрекеттесудің клиникалық зерттеулерінде амлодипин аторвастатин, дигоксин және варфарин фармакокинетикасына әсер етпеді.

Амлодипинді грейпфрут немесе грейпфрут шырынымен қабылдау ұсынылмайды, өйткені бұл кейбір пациенттерде оның биожетімділігінің артуына және артериялық қысымның төмендеу әсерін күшейтеуге әкелуі мүмкін.

Престанс препаратымен байланысты

Ерекше сақтықты талап ететін біріктірілімдер

Баклофен

Гипертензияға қарсы әсерінің күшеюі. Артериялық қысымды бақылап, қажет болған жағдайда гипертензияға қарсы дәрінің дозасын түзету керек.

Сақтықты талап ететін біріктірілімдер

. гипотензивті препараттар (мысалы, бета-блокаторлар) және вазодилататорлар:

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Осы препараттарды қатарлас қабылдау периндоприлдің және амлодипиннің гипотензиялық әсерінің күшеюіне әкелуі мүмкін. Нитроглицеринмен, басқа нитраттармен немесе вазодилататорлармен біріктірілген қабылдау артериялық қысымның одан әрі төмендеуіне әкелуі мүмкін, сондықтан сақтықпен тағайындалуы тиіс;

- кортикостероидтар, тетракозактид: гипотензивті әсерді азайтады (кортикостероидтардың әсерінен туындаған тұз бен судың іркілуі);
- альфа-блокаторлар (празозин, альфузозин, доксазозин, тамсулозин, теразозин): гипотензиялық әсердің күшеюі және ортостатикалық гипотензияның даму қаупінің жоғарылауы;
- амифостин: амлодипиннің гипотензивті әсерінің ықтимал күшеюі;
- трициклді антидепрессанттар / психозға қарсы препараттар / анестезиялық препараттар: гипотензивті әсердің жоғарылауы және ортостатикалық гипотензияның даму қаупінің жоғарылауы.

4.6. Фертильділік, жүктілік және лактация.

Осы біріктірілген препараттың құрамына кіретін жекелеген компоненттердің жүктілік барысына және бала емізуге әсерін ескере отырып, жүктіліктің бірінші триместрінде Престанс препаратын қабылдау ұсынылмайды және жүктіліктің екінші және үшінші триместрінде қарсы көрсетілім болады.

Престанс препаратын емшекпен емізу кезінде қабылдау ұсынылмайды. Бала емізуді тоқтатудың немесе Престанс препаратымен емдеудің орындылығы туралы шешім қабылдай отырып, ана үшін осы емнің қажеттілігіне сүйену керек.

Жүктілік

Периндоприлмен байланысты

Жүктіліктің бірінші триместрінде АӨФ тежегіштерін қабылдау ұсынылмайды (4.4-бөлімді қараңыз). Жүктіліктің екінші және үшінші триместрі кезінде АӨФ тежегіштерін қабылдауға болмайды (4.3 және 4.4-бөлімдерді қараңыз).

Жүктіліктің бірінші триместрінде АӨФ тежегіштерін қабылдау кезінде тератогендік қаупіне қатысты эпидемиологиялық дәлелдер белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді, дегенмен қауіптің белгілі бір үлесін алып тастауға болмайды. Егер АӨФ тежегішімен емді жалғастыру мүлдем қажет болып саналмаса, онда жүктілікті жоспарлайтын пациенттер жүктілік кезінде қауіпсіз бейіні белгіленген баламалы гипотензивті препаратқа көшуі тиіс. Егер жүктілік фактісі расталса, АӨФ тежегіштерімен емдеуді дереу тоқтату және қажет болса, емдеудің баламалы түріне көшу керек.

Адамда жүктіліктің екінші және үшінші триместрінде АӨФ тежегіштерін қабылдау ұрықтың (бүйрек функциясының төмендеуі, су тапшылығы, бас сүйек оссификациясының тежелуі) және жаңа туған нәрестенің уыттылығына (бүйрек жеткіліксіздігі, гипотензия, гиперкалиемия) әкелетіні белгілі (5.3 бөлімін қараңыз).

Егер АӨФ тежегіштерін қабылдау жүктіліктің екінші триместрінен бастап орын алса, бүйрек және бас сүйек функциясына ультрадыбыстық зерттеу жүргізу ұсынылады.

Егер анасы жүктілік кезінде АӨФ тежегіштерін қабылдаса, онда нәресте гипотензия тұрғысынан мұқият бақылауда болуы тиіс (4.3 және 4.4 бөлімдерді қараңыз).

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Амлодипинмен байланысты

Амлодипиннің жүктілік кезіндегі қауіпсіздігі адамда анықталмаған.

Жануарларға жүргізілген зерттеулерде жоғары дозаларда репродуктивті ұйымталық байқалды (5.3-бөлімді қараңыз).

Жүктілік кезінде қабылдау қауіпсіз балама болмаған кезде және аурудың өзі ана мен шараға үшін жоғары қауіпті болған кезде ғана ұсынылады.

Бала емізу

Периндоприлмен байланысты

Тамақтану кезінде периндоприлді қабылдау туралы ақпарат болмағандықтан, периндоприлді тағайындау ұсынылмайды. Баланы, әсіресе жаңа туған немесе шала туған баланы емізу кезінде қауіпсіздік бейіні белгіленген баламалы емдеу әдістеріне артықшылық беру керек.

Амлодипинмен байланысты

Амлодипин емшек сүтіне енеді. Жаңа туған нәресте аналық дозаның үлесін алады, оның төрттен бір бөлігі 3 – 7%, ең көбі 15% құрайды. Амлодипиннің жаңа туған нәрестелерге әсері белгісіз.

Бала емізуді жалғастыру немесе тоқтату немесе амлодипинмен емдеуді жалғастыру немесе тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде бала үшін емшекпен емізудің пайдасын және ана үшін амлодипинмен емдеудің пайдасын ескеру керек.

Фертильділігі

Периндоприлмен байланысты

Препарат репродуктивті функция мен фертильділікке әсер етпейді.

Амлодипинмен байланысты

Кальций өзекшелерінің блокаторларын қабылдаған кейбір пациенттерде сперматозоидтардың басында қайтымды биохимиялық өзгерістер байқалды. Амлодипиннің фертильділікке тигізетін әсері туралы әлі клиникалық мәліметтер жеткіліксіз. Егеуқұйрықтарға жүргізілген зерттеулердің бірінде ерлердегі фертильділікке жағымсыз әсер анықталды (5.3 бөлімін қараңыз).

4.7 Автокөлікті және қауіптілігі зор механизмдерді жүргізу қабілетіне әсері

Престанс препаратының автокөлікті жүргізу және механизмдерді басқару қабілетіне әсерін зерттеу жүргізілген жоқ. Амлодипин автокөлік жүргізу және механизмдерді басқару қабілетіне аз немесе аз әсер етеді. Бас айналу, бас ауыруы, қажу, шаршау немесе жүрек айну пациенттің реакциясына теріс әсер етуі мүмкін. Әсіресе емнің басында сақ болу ұсынылады.

4.8 Жағымсыз реакциялар

а. Қауіпсіздік бейінінің жалпы сипаттамасы

Периндоприл мен амлодипинді жеке қабылдаған кезде келесі жағымсыз реакциялар анағұрлым жиі байқалды: ісіну, ұйқышылдық, бас айналу, бас ауыруы (әсіресе емнің басында), дәм сезудің бұзылуы, парестезия, көрудің бұзылуы (соның ішінде диплопия), құлақтағы шуыл, вертиго, жүрек қағуы, қанның бетке тебуі, гипотензия (және онымен байланысты құбылыстар), енгігу, жөтел, іштің ауыруы, жүрек айнуы, құсу, диспепсия,

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

ішек перистальтикасындағы өзгерістер, диарея, іш қату, қышыну, бөртпе, экзантема, буындар аумағындағы ісінулер (білектің ісінуі), бұлшықеттің түйілуі, қажу, астения.

в. Жағымсыз реакциялардың жиынтық кестесі:

Периндоприл мен амлодипинді жеке қабылдаған кезде клиникалық зерттеулерде және/немесе тіркеуден кейінгі кезеңде мынадай жағымсыз әсерлер анықталды (организм жүйелерінің жіктелуі MedDRA бойынша және жиілігі бойынша ұсынылған): өте жиі ($\geq 1/10$); жиі ($\geq 1/100$, $< 1/10$); жиі емес ($\geq 1/1000$, $< 1/100$); сирек ($\geq 1/10000$, $< 1/1000$); өте сирек ($< 1/10000$), белгісіз (қолда бар деректер бойынша бағалау мүмкін емес).

MedDRA бойынша ағзалар жүйесінің класы	Жағымсыз әсерлер	ЖҚ жиілігі	
		Амлодипин	Периндоприл
Инфекциялық және паразиттік аурулар	Ринит	Жиі емес	Өте сирек
Қан түзу және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	Эозинофилия	-	Жиі емес*
	Лейкопения / нейтропения (4.4-бөлімді қараңыз)	Өте сирек	Өте сирек
	Агранулоцитоз немесе панцитопения (4.4-бөлімді қараңыз)	-	Өте сирек
	Тромбоцитопения (4.4-бөлімді қараңыз)	Өте сирек	Өте сирек
	G-6PDH туа біткен жеткіліксіздігі бар пациенттердегі ферментопатиялық гемолитикалық анемия (4.4-бөлімді қараңыз).	-	Өте сирек
Иммундық жүйенің тарапынан бұзылулар	Жоғары сезімталдық	Өте сирек	Жиі емес
Эндокриндік жүйе тарапынан бұзылулар	Антидиурездік гормонның жеткіліксіз секреция синдромы (АДГАСС)	-	Сирек
Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар	Гипогликемия (4.4 және 4.5-бөлімдерді қараңыз)	-	Жиі емес*
	Препаратты тоқтатқан кезде қайтымды гиперкалиемия (4.4-бөлімді қараңыз)	-	Жиі емес*
	Гипонатриемия	-	Жиі емес*
	Гипергликемия	Өте сирек	-
Психиканың бұзылуы	Ұйқысыздық	Жиі емес	-

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

MedDRA бойынша ағзалар жүйесінің класы	Жағымсыз әсерлер	ЖҚ жиілігі	
		Амлодипин	Периндоприл
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Көңіл-күйдің өзгеруі (үрейді қоса)	Жиі емес	Жиі емес
	Депрессия	Жиі емес	Жиі емес*
	Ұйқының бұзылуы	-	Жиі емес
	Ұйқышылдық (әсіресе емдеудің басында)	Жиі	Жиі емес*
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Бас айналу (әсіресе емдеудің басында)	Жиі	Жиі
	Бас ауыруы (әсіресе емдеудің басында)	Жиі	Жиі
	Дәм сезудің бұзылуы	Жиі емес	Жиі
	Тремор	Жиі емес	-
	Гипестезия	Жиі емес	-
	Парестезия	Жиі емес	Жиі
	Синкопа	Жиі емес	Жиі емес*
	Сананың шатасуы	Сирек	Өте сирек
	Бұлшықет тонусының жоғарылауы	Өте сирек	-
	Шеткері нейропатия	Өте сирек	-
	Қауіп тобындағы пациенттерде ақ шамадан тыс төмендеуінен туындауы мүмкін ми қанайналымының жедел бұзылуы (4.4-бөлімді қараңыз)	-	Өте сирек
	Экстрапирамидалық бұзылулар (экстрапирамидалық синдром)	Белгісіз	-
	Көру мүшесі тарапынан бұзылулар	Көрудің бұзылуы	Жиі
Диплопия		Жиі	-
Есту және тепе-теңдік мүшелері тарапынан бұзылулар	Құлақтағы шуыл	Жиі емес	Жиі
	Вертиго	-	Жиі
Жүрек тарапынан бұзылулар	Жүрек соғуын сезіну	Жиі	Жиі емес*
	Стенокардия (4.4 бөлімді қараңыз)	-	Өте сирек
	Тахикардия	-	Жиі емес*

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

MedDRA бойынша ағзалар жүйесінің класы	Жағымсыз әсерлер	ЖҚ жиілігі	
		Амлодипин	Периндоприл
	Жоғары қауіпті топтағы пациенттерде шамадан тыс гипотензиядан туындауы мүмкін миокард инфарктісі (4.4-бөлімді қараңыз)	Өте сирек	Өте сирек
	Аритмия (брадикардияны, қарыншалық тахикардияны және жүрекшелердің фибрилляциясын қоса алғанда)	Жиі емес	Өте сирек
	Қантамырлар тарапынан бұзылулар	Қызару	Жиі
	Гипотензия (және гипотензиямен байланысты әсерлер)	Жиі емес	Жиі
	Васкулит	Өте сирек	Жиі емес*
	Рейно феномені		Белгісіз
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы ағзалары және көкірек ортасы тарапынан бұзылулар	Ентігу	Жиі	Жиі
	Жөтел	Жиі емес	Жиі
	Бронхтың түйілуі	-	Жиі емес
	Эозинофильді пневмония	-	Өте сирек
Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар	Гипертрофиялық гингивит	Өте сирек	-
	Іштің ауыруы	Жиі	Жиі
	Жүрек айнуы	Жиі	Жиі
	Құсу	Жиі емес	Жиі
	Диспепсия	Жиі	Жиі
	Ішек перистальтикасындағы өзгерістер	Жиі	-
	Ауыздың құрғауы	Жиі емес	Жиі емес
	Диарея	Жиі	Жиі
	Іш қатуы	Жиі	Жиі
	Панкреатит	Өте сирек	Өте сирек
	Гастрит	Өте сирек	-
Бауыр мен өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Гепатит, сарғаю	Өте сирек	-
	Гепатит, цитолитикалық немесе холестаздық (4.4 бөлімін қараңыз).	-	Өте сирек
	Бауыр ферменттері деңгейінің жоғарылауы (негізінен холестаз аясында)	Өте сирек	-

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

MedDRA бойынша ағзалар жүйесінің класы	Жағымсыз әсерлер	ЖҚ жиілігі	
		Амлодипин	Периндоприл
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар	Квинке ісінуі	Өте сирек	-
	Беттің, аяқ-қолдың, еріннің, шырышты қабықтың, тілдің, дауыс саңылауының және/немесе көмейдің ангионевроздық ісінуі (4.4 бөлімін қараңыз)	Өте сирек	Жиі емес
	Мультиформалы эритема	Өте сирек	Өте сирек
	Алопеция	Жиі емес	-
	Пурпура	Жиі емес	-
	Тері түсінің бұзылуы	Жиі емес	-
	Қатты терлеу	Жиі емес	Жиі емес
	Қышыну	Жиі емес	Жиі
	Бөртпе, экзантема	Жиі емес	Жиі
	Есекжем (4.4 бөлімін қараңыз)	Жиі емес	Жиі емес
	Фотосезімталдық	Өте сирек	Жиі емес*
	Пемфигоид	-	Жиі емес*
	Псориаздың өршуі	-	Сирек
	Стивенс-Джонсон синдромы	Өте сирек	-
	Эксфолиативті дерматит	Өте сирек	-
	Уытты эпидермальді некролиз	Белгісіз	-
Қаңқа-бұлшықет және дәнекер тін тарапынан бұзылулар	Буындардың ісінуі (тобықтың ісінуі)	Жиі	-
	Артралгия	Жиі емес	Жиі емес*
	Миалгия	Жиі емес	Жиі емес*
	Бұлшықеттің түйілуі	Жиі	Жиі
	Арқаның ауыруы	Жиі емес	-
Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Несеп шығарудың бұзылуы, түнгі полиурия, поллакиурия	Жиі емес	-
	Бүйрек функциясының бұзылуы	-	Жиі емес
	Жедел бүйрек жеткіліксіздігі	-	Сирек
	Анурия/олигурия	-	Сирек*
Жыныс мүшелері мен сүт безі тарапынан бұзылулар	Эректильді дисфункция	Жиі емес	Жиі емес
	Гинекомастия	Жиі емес	-
Жалпы сипаттағы және	Ісіну	Өте жиі	-

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

MedDRA бойынша ағзалар жүйесінің класы	Жағымсыз әсерлер	ЖҚ жиілігі	
		Амлодипин	Периндоприл
препаратты енгізген жердегі бұзылулар	Шеткері ісіну	-	Жиі емес*
	Қатты қажу	Жиі	-
	Кеуденің ауыруы	Жиі емес	Жиі емес*
	Астения	Жиі	Жиі
	Ауыру	Жиі емес	-
	Дімкәстік	Жиі емес	Жиі емес*
	Қызба	-	Жиі емес*
Зертханалық зерттеулер	Салмақтың артуы, салмақтың төмендеуі	Жиі емес	-
	Қандағы мочевина деңгейінің жоғарылауы	-	Жиі емес*
	Қандағы креатинин деңгейінің жоғарылауы	-	Жиі емес*
	Қандағы билирубин деңгейінің жоғарылауы	-	Сирек
	Бауыр ферменттері белсенділігінің артуы	-	Сирек
	Гемоглобин мен гематокрит деңгейінің төмендеуі	-	Өте сирек
Жарақаттар, улану және емшаралардың асқынулары	Құлау	-	Жиі емес*

* Риясыз хабарламаларда тіркелген жағымсыз құбылыстар үшін жиілік клиникалық сынақтардың деректері бойынша есептелген.

АӨФ басқа тежегіштерін қолдану кезінде АГАСС жағдайлары байқалды. АГАСС периндоприлді қоса алғанда, АӨФ тежегіштерімен емнің өте сирек, бірақ ықтимал асқынуы болып саналады.

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Дәрілік препараттың «пайда - қауіп» арақатынасының үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препаратты тіркегеннен кейін күмәнді» жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медицина қызметкерлеріне дәрілік препараттың кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы ҚР жағымсыз реакциялар туралы ұлттық хабарлау жүйесі арқылы хабарлау ұсынылады.

«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК <http://www.ndda.kz>

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

4.9 Артық дозалануы

Адамда Престанс препаратымен артық дозалануы туралы ақпарат жоқ.

Адамдарда амлодипиннің әдейі артық дозалануы туралы шектеулі ақпарат бар.

Симптомдар: қолда бар деректер шамадан тыс артық дозалануы шеткері қантамырлардың шамадан тыс кеңеюіне және рефлекторлық тахикардияға әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Айқын және, мүмкін, ұзақ мерзімді жүйелік гипотензия туралы, өліммен аяқталған шоктарға дейін хабарламалар бар.

Амлодипиннің артық дозалануы нәтижесінде өкпенің кардиогенді емес ісінуінің сирек жағдайлары хабарланды; ісіну кешіктіріліп басталуы мүмкін (препаратты қабылдағаннан кейін 24-48 сағаттан кейін) және өкпені жасанды желдетуді қажет етеді. Перфузия мен жүректің шығуын сақтау үшін ерте реанимация (соның ішінде сұйықтықтың шамадан тыс жүктелуі) қоздырғыш факторлар болуы мүмкін.

Емі: амлодипиннің артық дозалануынан туындаған клиникалық маңызды гипотензия жүрек-қантамыр жүйесінің белсенді қолдауын, оның ішінде жүрек және тыныс алу функциясының жиі мониторингін қажет етеді. Аяқ-қолды көтеріп, АҚҚ мен шығарылатын несептің көлемін бақылау керек.

Тамыр тарылтатын препараттар, егер оларды қабылдауға қарсы көрсетілімдер болмаса, тамырлы тонус пен артериялық қысымды қалпына келтіруге көмектеседі. Кальций глюконатын вена ішіне енгізу кальций өзекшелері блокадасының әсерін жоюға көмектеседі.

Кейбір жағдайларда асқазанды шаю пайдалы болуы мүмкін. Дені сау еріктілерде 10 мг амлодипинді қабылдағаннан кейін 2 сағат ішінде белсендірілген көмірді қабылдау амлодипиннің сіңу деңгейінің төмендеуіне әкелді.

Амлодипин плазма ақуыздарымен жақсы байланысатындықтан, диализдің әсері екіталай болып көрінеді.

Адамдарда периндоприлдің артық дозалануы туралы мәліметтер аз. АӨФ тежегіштерінің артық дозалануы мынадай симптомдарды туындатуы мүмкін: артериялық гипотензия, циркуляторлық шок, электролиттік теңгерімнің бұзылуы, бүйрек жеткіліксіздігі, гипервентиляция, тахикардия, жүрек соғуының күшеюі, брадикардия, бас айналу, үрейлену және жөтел.

Артық дозалану кезінде әдеттегі тұзды ерітіндімен вена ішіне инфузия жүргізу ұсынылады. Гипотензия дамыған жағдайда пациентті арқасына салу керек. Мүмкіндігінше, инфузия және/немесе катехоламиндерді вена ішіне енгізу түрінде ангиотензин II емдеу нұсқасын қарастырған жөн. Периндоприл жүйелі қан айналымынан гемодиализбен шығарылады (4.4-бөлімді қараңыз). Емге төзімді брадикардия жағдайында электрокардиостимуляцияны жүргізу көрсетілген. Өмірлік маңызды көрсеткіштерді, сарысудағы электролиттер мен креатинин деңгейін үнемі бақылап отыру керек.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: Ренин-ангиотензин жүйесіне әсер ететін препараттар. Ангиотензин-өзгертетін ферменттің (АӨФ) тежегіштері басқа препараттармен біріктірілімде. Ангиотензин-өзгертетін фермент (АӨФ) тежегіштері және кальций өзекшелерінің блокаторлары. Периндоприл және амлодипин.

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

АТХ коды С09ВВ04.

Периндоприл

Әсер ету механизмі

Периндоприл - бұл ангиотензин I-ді ангиотензин II-ге (ангиотензин-өзгертетін фермент, АӨФ) айналдыратын фермент тежегіші. Өзгертетін фермент немесе киназа – бұл ангиотензин I-ні тамыр тарылтатын ангиотензин II-ге айналдыруға мүмкіндік беретін экзопептидаза, сондай-ақ тамыр кеңейтетін брадикининнің белсенді емес гептапептидке дейін ыдырауын тудырады. АӨФ тежелуі плазмадағы ангиотензин II төмендеуіне әкеледі, бұл плазмадағы ренин белсенділігінің артуына (ренин босап шығуының теріс кері байланысын тежеу есебінен) және альдостерон бөлінуінің төмендеуіне әкеледі. АӨФ брадикининнің белсенділігін бөгейтіндіктен, АӨФ тежелуі айналымдағы және жергілікті калликреин-кинин жүйесі белсенділігінің артуына (сондай-ақ простагландин жүйесінің белсенділігіне) әкеледі. Бұл механизм АӨФ тежегіштерінің гипотензиялық әсерінің басталуына ықпал етуі және ішінара кейбір жағымсыз әсерлерді тудыруы (мысалы, жөтел) мүмкін.

Периндоприл өзінің белсенді метаболиті периндоприлаты арқылы әрекет етеді. Басқа метаболиттер *in vitro* АӨФ әсерін тежеу қабілетін көрсетпеді.

Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

Гипертензия

Периндоприл кез келген дәрежедегі артериялық гипертензияда әрекет етеді: әлсіз, орташа және ауыр; систолалық және диастолалық артериялық қысымды шалқасынан жатқан қалпында да, тұрған қалпында да төмендетеді.

Периндоприл шеткері тамырлардың кедергісін азайтады, бұл артериялық қысымның төмендеуіне әкеледі. Нәтижесінде, жүректің жиырылу жиілігіне әсер етпей, шеткері қан ағымы артады.

Әдетте, бүйректің қан ағымы артады, ал шумақтық сүзілу жылдамдығы (ШСЖ) әдетте өзгеріссіз қалады.

Ең жоғары гипотензиялық белсенділікке бір реттік дозаны қабылдағаннан кейін 4-6 сағаттан соң жетеді және кемінде 24 сағат бойы сақталады: препараттың ең аз белсенділігіндегі әсері ең жоғары белсенділігі кезінде әсерінің шамамен 87-100%-ын құрайды.

Қан қысымының төмендеуі тез жүреді. Емдеуге сезімтал пациенттерде артериялық қысымның қалыпқа келуі бір ай ішінде жүреді және тахифилаксия туындамай сақталады.

Тоқтату синдромының дамуымен емдеуді тоқтату қатар жүрмейді.

Периндоприл сол жақ қарыншаның гипертрофиясын азайтады.

Адамда периндоприл тамыр кеңейтетін әсерді тудыратыны расталды. Ол ірі артериялардың серпімділігін жақсартады және кіші артериялардың ағым/саңылау қатынасын азайтады.

Тұрақты ишемиялық жүрек ауруы бар пациенттер

EUROPA көп орталықты халықаралық рандомизацияланған салыстырмалы жасырын плацебо-бақыланатын клиникалық зерттеуі 4 жылға созылды.

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

18 жастан асқан он екі мың екі жүз он сегіз (12218) пациент периндоприл трет-бутиламин 8 мг (10 мг периндоприл аргининге баламалы) (n=6110) немесе плацебо (n=6108) қабылдау үшін рандомизациядан өтті.

Зерттеу популяциясында жүрек жеткіліксіздігінің клиникалық белгілері жоқ жүректің ишемиялық ауруы анықталды. Жалпы, пациенттердің 90%-ы бұрын миокард инфарктісін және/немесе коронарлық артерияның ревазуляризациясын бастан өткерді. Пациенттердің көпшілігі тромбоциттер тежегіштерін, гиполлипидемиялық препараттарды және бета-блокаторларды қоса, дәстүрлі қабылданған емге қосымша зерттелетін препарат алды.

Тиімділіктің негізгі критерийі жүрек-қантaмыр ауруынан болған өлімнің, миокард инфарктісінің және/немесе сәтті реанимациямен жүрек ұстамасының композициялық қосындысы болды. Күніне бір рет қабылдағанда 8 мг периндоприл трет-бутиламинмен емдеу (бұл 10 мг периндоприл аргининге баламалы) бастапқы соңғы нүктенің 1,9%-ға абсолютті елеулі төмендеуіне әкелді (салыстырмалы қауіптің 20% - ға төмендеуі, 95% СА [9,4; 28,6]) - $p < 0.001$).

Анамнезінде миокард инфарктісі және/немесе ревазуляризациясы бар пациенттерде абсолютті 2,2%-ға төмендеуге қол жеткізілді, бұл плацебомен салыстырғанда бастапқы соңғы нүкте бойынша салыстырмалы қауіптің (СКТ) 22,4%-ға (СА 95% [12,0; 31,6] - $p < 0,001$) төмендеуіне сәйкес келеді.

Ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесінің (РААЖ) қосарлы блокадасы бойынша клиникалық зерттеулердің деректері

Екі ірі рандомизацияланған бақыланатын зерттеу (ONTARGET (ONgoing Telmisartan Alone and in combination with Ramipril Global Endpoint Trial, Монотерапияда және рамиприлмен біріктірілген телмисартанның тиімділігін салыстыру бойынша халықаралық зерттеу) және VA NEPHRON-D (Veterans Affairs Nephropathy in Diabetes, Ардагерлер істері министрлігі жүргізген диабеттік нефропатияны зерттеу) АӨФ тежегіші мен ангиотензин II рецепторларының блокаторын біріктіріп қолдануды зерттеуге арналды.

ONTARGET зерттеуі анамнезінде жүрек-қантaмыр немесе цереброваскулярлық аурулары немесе нысана-ағзалардың зақымдану белгілері бар 2 типті қант диабетіне шалдыққан пациенттер арасында жүргізілді. VA NEPHRON-D зерттеуі 2-типті қант диабеті және диабеттік нефропатиясы бар пациенттерде жүргізілді.

Осы зерттеулердің деректері бүйрек және/немесе жүрек-қантaмыр нәтижелері мен өлім-жітімге қатысты елеулі қолайлы әсердің жоқтығын және сонымен қатар монотерапиямен салыстырғанда гиперкалиемияның, жедел бүйрек жеткіліксіздігінің және/немесе гипотензияның даму қауіпінің жоғары болуын көрсетті.

Ұқсас фармакодинамикалық қасиеттерін ескере отырып, алынған нәтижелер басқа АӨФ тежегіштері мен ангиотензин II рецепторларының блокаторларына да таралады.

Демек, диабеттік нефропатиясы бар пациенттерде АӨФ тежегіштері мен ангиотензин II рецепторларының блокаторларын бір мезгілде қолдануға болмайды.

ALTITUDE зерттеуі (Aliskiren Trial in Type 2 Diabetes Using Cardiovascular and Renal Disease Endpoints, 2 типті қант диабеті бар пациенттерде жүрек-қантaмыр және бүйрек асқынуларының қауіпін төмендетудегі алискиреннің артықшылықтарын зерттеу) 2 типті қант диабеті және созылмалы бүйрек ауруы, жүрек-тамыр ауруы немесе екеуі де және басқалары бар пациенттерде алискиренді стандартты АӨФ тежегішімен немесе

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

ангиотензин II рецепторларының блокаторымен емдеудің пайдасын зерттеуге арналды. Зерттеу жағымсыз нәтижелердің даму қаупінің жоғары болуы себебінен мерзімінен бұрын тоқтатылды. Жүрек-қантaмыр ауруларынан болатын өлім мен инсульт плацебо тобымен салыстырғанда алискирен тобында жиі кездеседі, жағымсыз құбылыстар мен ерекше қызығушылық тудыратын елеулі жағымсыз құбылыстар (гиперкалиемия, гипотензия және бүйрек функциясының бұзылуы) плацебо тобына қарағанда алискирен тобында жиі тіркелген.

Амлодипин

Әсер ету механизмі

Амлодипин - бұл дигидропиридин тобының кальций иондарының қабылдау тежегіші (Баяу өзекшелердің блокаторы немесе кальций иондарының антагонисі), ол кальций иондарының жарғақшалары арқылы миокард пен тамырлардың тегіс бұлшықет жасушаларына енуіне жол бермейді.

Амлодипиннің гипотензивті әсер ету механизмі тамырлардың тегіс бұлшықеттеріне тікелей босаңсыту әсеріне байланысты. Стенокардия кезінде амлодипиннің нақты әсер ету механизмі толық анықталмаған, бірақ амлодипин ишемияны келесі екі жолмен азайтады:

- Амлодипин шеткергі артериолаларды кеңейтеді және осылайша жалпы шеткергі қарсылықты (жүктемеден кейінгі) төмендетеді, оны өтуге жүректің жұмысы жұмсалады. Жүректің жиырылу жиілігі тұрақты болып қалатындықтан, жүрек жүктемесінің төмендеуі миокардтың энергияны тұтынуының төмендеуіне және оның оттегіге деген қажеттілігіне әкеледі.
- Амлодипиннің әсер ету механизмі қалыпты және ишемиялық миокард аумақтарында негізгі коронарлық артериялар мен коронарлық артериолалардың кеңеюін де қамтуы мүмкін. Бұл дилатация вазоспастикалық стенокардиямен пациенттерде миокардқа оттегінің түсуін арттырады (Принцметал стенокардиясы немесе вариантты стенокардия).

Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

Гипертензиясы бар пациенттерде амлодипиннің бір реттік тәуліктік дозасы жатқан қалпында да, тұрғанда да 24 сағат бойы артериялық қысымның клиникалық мәнді төмендеуін қамтамасыз етеді. Әсердің баяу басталуына байланысты амлодипин жедел гипотензияны тудырмайды.

Стенокардиясы бар пациенттерде амлодипинді бір тәуліктік қабылдау дене жүктемесінің жалпы орындалу уақытын арттырады, стенокардия ұстамасының басталуын және оны орындау кезінде ST сегменті депрессиясының дамуын (1 мм-ге) кешіктіреді, стенокардия ұстамаларының жиілігін және нитроглицерин таблеткаларын тұтынуды төмендетеді.

Амлодипин қан плазмасының метаболизмі мен липидтеріне жағымсыз әсер етпейді және бронх демікпесі, қант диабеті және подаграсы бар пациенттерді емдеуге жарамды.

Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) бар пациенттер

Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) бар пациенттерде клиникалық құбылыстардың алдын алудағы амлодипиннің тиімділігін бағалау 1997 пациенттің қатысуымен тәуелсіз көп орталықты рандомизацияланған салыстырмалы жасырын плацебо-бақыланатын

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

«Тромбоз жағдайларын азайту кезінде амлодипинді эналаприлмен салыстыру» / Comparison of Amlodipine vs. Enalapril to Limit Occurrences of Thrombosis (CAMELOT) зерттеу барысында жүргізілді. Осы пациенттердің 663-і 5-10 мг амлодипин алды, 673 пациент 2 жыл бойы статиндермен, бета - блокаторлармен, диуретиктермен және аспиринмен стандартты емдеуге қосымша 10-20 мг эналаприл және 655 плацебо пациенттерін алды. Тиімділіктің негізгі нәтижелері 1-кестеде келтірілген. Нәтижелер амлодипинмен емдеу кезінде ЖИА бар пациенттерде стенокардиямен емдеуге жатқызу және реваскуляризация рәсімдері аз болғанын көрсетеді.

1-кесте. CAMELOT зерттеуінде клиникалық маңызды нәтижелердің басталу жиілігі					
<u>Жүрек-қантамыр құбылыстары, саны (%)</u>				<u>Амлодипин vs. плацебо</u>	
Нәтижелері	Амлодипин	Плацебо	Эналаприл	Қауіптер қатынасы (CA 95%)	p мәні
<u>Бастапқы соңғы нүкте</u> Жағымсыз жүрек-қантамыр құбылыстары	<u>110 (16,6)</u>	<u>151 (23,1)</u>	<u>136 (20,2)</u>	<u>0,69 (0,54-0,88)</u>	<u>0,003</u>
<u>Жеке компоненттері</u>					
Коронарлық артериялардың реваскуляризациясы	78 (11,8)	103 (15,7)	95 (14,1)	0,73 (0,54-0,98)	0,03
Стенокардиямен ауруханаға жатқызу	51 (7,7)	84 (12,8)	86 (12,8)	0,58 (0,41-0,82)	0,002
Өліммен аяқталмаған МИ	14 (2,1)	19 (2,9)	11 (1,6)	0,82)	0,37
Инсульт немесе ТИШ	6 (0,9)	12 (1,8)	8 (1,2)	0,73 (0,37-1,46)	0,27
Жүрек-қантамыр құбылысынан болған өлім	5 (0,8)	2 (0,3)	5 (0,7)	0,50 (0,19-1,32)	0,46
ІЖЖ-мен ауруханаға жатқызу	3 (0,5)	5 (0,8)	4 (0,6)	1,32)	0,04
Сәтті реанимациямен жүректің тоқтап қалуы	0	4 (0,6)	1 (0,1)	2,46 (0,48-12,7)	0,24
Шеткері қантамырлар ауруының басталуы	5 (0,8)	2 (0,3)	8 (1,2)	0,59 (0,14-2,47)	ҚЖ
				2,6 (0,50-13,4)	

Қысқартулар: ІЖЖ - іркілісті жүрек жеткіліксіздігі; СА - сенімді аралық; МИ - миокард инфарктісі; ТИШ-транзиторлы ишемиялық шабуыл.

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде қолдану

NYHA жіктеуі бойынша II-IV дәрежелі жүрек жеткіліксіздігімен ауыратын пациенттердің қатысуымен гемодинамикалық зерттеулер және физикалық жүктемемен бақыланатын клиникалық сынақтар амлодипиннің жағдайдың клиникалық нашарлауына әкелмейтінін көрсетеді, бұл физикалық жүктемеге төзімділік өлшеулерімен, сол жақ қарыншаның лықсу фракциясымен және клиникалық симптомдармен расталады.

NYHA жіктеуі бойынша III-IV дәрежелі жүрек жеткіліксіздігімен ауыратын және дигоксин, диуретиктер және АӨФ тежегіштерін қабылдаған пациенттердің жағдайын бағалау үшін жүргізілген плацебо-бақыланатын зерттеу (PRAISE) амлодипиннің өлім немесе біріктірілген өлім-жітім мен жүрек жеткіліксіздігінің қаупін арттырмағанын көрсетті.

NYHA жіктеуі бойынша III және IV дәрежелі жүрек жеткіліксіздігінен зардап шегетін пациенттердің қатысуымен амлодипинді ұзақ мерзімді плацебо-бақыланатын зерттеу (PRAISE-2) барысында, клиникалық симптомдарсыз немесе ишемиялық ауруды көрсететін объективті деректерсіз, АӨФ тежегіштерінің, оймақгүл және диуретиктердің тұрақты дозаларын қабылдаған кезде амлодипин жалпы жүрек-қантамыр ауруынан болған өлімге әсер етпеді. Сол популяцияда амлодипинді қабылдау өкпе ісінуі жағдайларының көбеюімен қатар жүрді.

Жүрек ұстамасын алдын алуға бағытталған емді зерттеу (ALLHAT)

Жүрек ұстамасын алдын-алуда гипотензивті және гиполипидемиялық емдеу түрлерін зерттеу (Antihypertensive and Lipid-Lowering Treatment to Prevent Heart Attack Trial, ALLHAT) деп аталатын ауру мен өлім-жітімді рандомизацияланған, салыстырмалы жасырын зерттеу жүргізілді, мұнда дәрі-дәрмекпен емдеудің жаңа түрлері салыстырылды: ауырлығы жеңіл және орташа дәрежедегі гипертензия кезінде тәулігіне 12,5-25 мг тиазидті диуретик хлорталидонмен салыстырғанда емнің бірінші желісінің препараттары ретінде тәулігіне 2,5-10 мг амлодипин (кальций өзекшелерінің блокаторы) немесе тәулігіне 10-40 мг лизиноприл (АӨФ тежегіші).

Барлығы 55 жастан асқан гипертензиясы бар 33 357 пациент рандомизацияланды, олар орта есеппен 4,9 жыл бойы байқалды. Пациенттерде жүректің ишемиялық ауруы қаупінің кемінде бір қосымша факторы болған, оның ішінде: зерттеуге қатысу үшін жиынтыққа дейін > 6 ай бұрын бастан өткерген миокард инфарктісі немесе инсульт немесе басқа да құжатталған атеросклероздық жүрек-қантамыр ауруы (барлығы 51,5%), 2 типті қант диабеті (36,1%), ТЖЛП холестерині < 35 мг/дл (11,6%), электрокардиограмма немесе эхокардиография арқылы анықталған сол жақ қарыншаның гипертрофиясы (20,9%), шылым шегу (21,9%).

Жүректің ишемиялық ауруы немесе өлімге әкелетін миокард инфарктісі бастапқы соңғы нүкте болып табылады. Бастапқы соңғы нүкте бойынша амлодипин мен хлорталидон емінің арасында айтарлықтай айырмашылықтар болған жоқ: СҚ 0,98 (СА 95% (0,90-1,07) $p=0,65$). Екінші соңғы нүктелер бойынша жүрек жеткіліксіздігінің басталу жиілігі (композитті біріктірілген жүрек-қантамыр соңғы нүктесіне кіретін) хлорталидон тобына қарағанда амлодипин тобында едәуір жоғары болды (7,7% - бен салыстырғанда 10,2%; СҚ 1,38. (СА 95% [1,25-1,52] $p<0,001$)). Алайда, өлім-жітімнің барлық себептері бойынша амлодипин мен хлорталидон емінің арасында айтарлықтай айырмашылық болған жоқ, СҚ 0,96 (СА 95% [0,89-1,02] $p=0,20$).

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

5.2. Фармакокинетикалық қасиеттері

Престанс құрамындағы периндоприл мен амлодипиннің сіну жылдамдығы мен дәрежесі бір компоненті бар таблеткаларды қабылдаған кезде периндоприл мен амлодипиннің сіну жылдамдығы мен дәрежесінен аздап ерекшеленеді.

Периндоприл

Сіңірілуі

Ішке қабылдаған кезде периндоприлдің сінуі тез жүреді, ең жоғары концентрацияға 1 сағат ішінде қол жеткізіледі. Периндоприлдің плазмадағы жартылай шығарылу кезеңі-1 сағат.

Периндоприл ізашар дәрі болып табылады. Периндоприлдің қабылданған дозасының 27% қанға периндоприлаттың белсенді метаболиті түрінде түседі. Белсенді периндоприлаттан басқа организмде тағы бес белсенді емес метаболит түзіледі. Периндоприлат плазмадағы ең жоғары концентрациясына препаратты қабылдағаннан кейін 3-4 сағаттан соң жетеді. Тамақ ішу периндоприлдің периндоприлатқа айналуын, демек, оның биожетімділігін төмендетеді, сондықтан периндоприл аргининін тәулігіне бір рет, пероральді, таңғы ас алдында таңертең қабылдау ұсынылады.

Периндоприл дозасы мен оның плазмадағы экспозициясы арасындағы байланыс сызықтық болып келеді. *Таралуы*

Байланыссыз периндоприлаттың таралу көлемі шамамен 0,2 л/кг құрайды. Периндоприлаттың плазма ақуыздарымен байланысуы 20% құрайды, негізінен байланысуы ангиотензин түрлендіретін ферментпен жүреді, бірақ препараттың концентрациясына байланысты болады.

Шығарылуы

Периндоприлат несеппен шығарылады, оның бос фракциясының соңғы жартылай шығарылу кезеңі шамамен 17 сағатты құрайды, бұл 4 күнде тепе-теңдік күйіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Егде жас, жүрек жеткіліксіздігі, бүйрек жеткіліксіздігі

Периндоприлаттың шығарылуы егде жастағы пациенттерде, сондай-ақ жүрек немесе бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде баяулайды (4.2 бөлімін қараңыз). Сондықтан әдеттегі медициналық бақылауға креатинин мен калий деңгейін жиі бақылау кіруі керек.

Бауыр функциясының бұзылуы

Диализ кезінде периндоприлат клиренсі 70 мл/мин құрайды.

Периндоприл кинетикасы циррозы бар пациенттерде өзгереді: бастапқы заттың бауыр клиренсі екі есе баяулайды. Алайда, пайда болған периндоприлат мөлшері төмендемейді, сондықтан дозаны түзету қажет емес (4.2 және 4.4-бөлімдерді қараңыз).

Амлодипин

Сіңуі, таралуы, плазма ақуыздарымен байланысуы

Емдік дозаларда ішке қабылдаған кезде амлодипин жақсы сінеді, қабылдағаннан кейін 6-12 сағаттан кейін қандағы ең жоғары концентрацияға жетеді. Есептеулер бойынша абсолютті биожетімділік 64-80% құрайды. Таралу көлемі шамамен 21 л/кг құрайды.

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Тамақ ішу амлодипиннің биожетімділігіне әсер етпейді. *In vitro* зерттеулері айналымдағы амлодипиннің шамамен 97,5% - ы плазма ақуыздарымен байланысты екенін көрсетті.

Тамақ ішу амлодипиннің биожетімділігіне әсер етпейді.

Метаболизм / шығарылуы

Плазмадан жартылай шығарылуының соңғы кезеңі 35-50 сағатты құрайды, бұл препаратты тәулігіне бір рет тағайындауға сәйкес келеді. Амлодипин белсенді емес метаболиттер түзілгенге дейін бауырда елеулі дәрежеде метаболизденеді, бұл ретте өзгермеген препараттың 10% - ы және метаболиттердің 60% - ы несеппен шығарылады.

Егде жас

Амлодипиннің плазмадағы ең жоғары концентрациясына жеткенге дейінгі уақыт егде және одан да жас пациенттерде ұқсас. Егде жастағы адамдарда амлодипин клиренсінің төмендеуі үрдісі байқалады, бұл AUC және жартылай шығарылу кезеңінің ұлғаюымен қатар жүреді. Жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде AUC және жартылай шығарылу кезеңінің ұлғаюы зерттелетін пациенттердің жас тобында күтілгенге сәйкес келді.

Бауыр функциясының бұзылуы

Бауыр функциясы бұзылған пациенттерге амлодипинді тағайындау туралы клиникалық деректер өте аз. Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде амлодипин клиренсінің төмендеуі байқалады, бұл жартылай шығарылу кезеңінің ұлғаюына және AUC шамамен 40-60% - ға ұлғаюына әкеледі.

5.3 Қауіпсіздік жөніндегі клиникаға дейінгі деректер

Периндоприл

Пероральді қабылдаудағы созылмалы уыттылықты зерттеуде (егеуқұйрықтар мен маймылдарда) рецептор-ағза бүйрек болып табылады, бұзылулардың сипаты қайтымды.

In vitro және *in vivo* зерттеулерінде мутагендіктер байқалған жоқ.

Репродуктивті токсикологияны зерттеу (егеуқұйрықтарда, тышқандарда, қояндарда және маймылдарда) эмбриоуыттылық немесе тератогендік белгілерін анықтаған жоқ. Алайда, ангиотензин-өзгертетін фермент тежегіштері класс ретінде ұрықтың кеш дамуына жағымсыз әсер ететіні, бұл ұрықтың өліміне және кеміргіштер мен қояндарда туа біткен бұзылуларға әкеледі: бүйректің зақымдануы және перинаталды және постнатальді өлімнің өсуі байқалды.

Егеуқұйрықтар мен тышқандарда ұзақ қабылдауды зерттеуде канцерогендік байқалған жоқ.

Амлодипин

Репродуктивті токсикология

мг/кг есептеу кезінде адамға ұсынылған ең жоғары дозадан шамамен 50 есе асатын дозаларда егеуқұйрықтар мен тышқандардағы репродуктивті зерттеулер буаздылық кезеңінің артуын, туу ұзақтығының артуын және төл өміршеңдігінің төмендеуін көрсетті.

Фертильділіктің төмендеуі

Күніне 10 мг/кг дейінгі дозаларда (бұл адамға ұсынылған ең жоғары дозадан 8 есе* асады, мг/м² есептегенде) амлодипин қабылдаған егеуқұйрықтардың фертильділігіне

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

эсері (аталықтары 64 күн ішінде және аналықтары шағылысудан 14 күн бұрын) табылған жоқ. Аталықтары амлодипин бесилатын 30 күн ішінде қабылдаған егеуқұйрықтардағы тағы бір зерттеуде адам үшін дозамен салыстырылатын дозада, мг/кг есептеу кезінде плазмадағы фолликула стимуляциялайтын гормон мен тестостерон деңгейінің төмендеуі, сондай-ақ шәуһет тығыздығының төмендеуі және жетілген сперматидтер мен Сертоли жасушаларының саны анықталды.

Карциногенез, мутагенез

2 жыл бойы азықпен амлодипин алған егеуқұйрықтар мен тышқандарда күніне 0,5, 1,25 және 2,5 мг/кг күнделікті дозаны қамтамасыз ету үшін есептелген концентрацияда карциногенез белгілері табылған жоқ. Ең жоғары доза (тышқандар үшін, оған жақын, ал егеуқұйрықтар үшін - 2 есе* мг/м² есептеу кезінде ең жоғары ұсынылған 10 мг клиникалық дозадан жоғары) тышқандар үшін, бірақ егеуқұйрықтар үшін емес, ең жоғары көтерілетін дозаға жақын болды.

Гендік те, хромосомалық деңгейде де мутагендікті зерттеу барысында препаратпен байланысты әсер табылған жоқ.

* Пациенттің салмағы есебінен 50 кг.

6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

6.1 Қосымша заттардың тізбесі

Лактоза моногидраты

Микрокристалды целлюлоза (E460)

Сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы (E551)

Магний стеараты (E470B)

6.2 Үйлесімсіздігі

Қатысы жоқ.

6.3 Сақтау мерзімі

3 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

6.4 Сақтау кезіндегі ерекше сақтық шаралары

25°C-ден аспайтын температурада, тығыз тығындалған контейнерде сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

6.5 Шығарылу түрі және қаптамасы

30 таблеткадан таблеткаларды біртіндеп беруге арналған дозалайтын саңылауы бар полипропилен тубаға салынады. Туба 2 г сиккативті гелі бар тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған тығынмен жабылады.

1 тубадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салады.

6.6 Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданғаннан немесе онымен жұмыс істегеннен кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі ерекше сақтық шаралары

Арнайы талаптар жоқ.

6.7 Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Ле Лаборатуар Сервье
50, рю Карно
92284, Сюрен седекс, Франция
Тел: +33 (0)1 55 72 60 00
Электронды пошта: www.servier.com

7.1. ТІРКЕУ КУӘЛІГІН ҰСТАУШЫСЫНЫҢ ӨКІЛІ

Тұтынушылардың талаптарын мына мекенжайға жолдауға болады:
Қазақстан Республикасы
«Сервье Қазақстан» ЖШС
050020, Алматы қ., Достық д-лы, 310г, Бизнес орталығы, 3 қабат
Тел.: (727) 386 76 62/63/64/70/71
Электронды пошта: kazadinfo@servier.com

8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ

ҚР-ДЗ-5№015458
ҚР-ДЗ-5№015459
ҚР-ДЗ-5№015460
ҚР-ДЗ-5№015461

9. АЛҒАШҚЫ ТІРКЕУ/ҚАЙТА ТІРКЕУ КҮНІ

Алғашқы тіркеу күні: 29.01.2010 ж.
Қайта тіркеу күні: 24 желтоқсан 2014 ж.

10. МӘТІННІҢ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮНІ

Дәрілік препараттың жалпы сипаттамасын ресми сайттан қарауға болады:
<http://www.ndda.kz>

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Шешімі: N078566

Шешім тіркелген күні: 23.08.2024

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Кенжеханова А. Ж.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең